

«Мөлдір» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Тексерілді: *М.О.*

Әдіскер: М.О.Максимова

Жазғы сауықтыру:

«Кемпірқосақ»

Тәрбиеші: Жубаниязова Г.С.

2019-2020 о.ж.

Білім саласы: шығармашылық

Бөлімі: сурет салу

Тақырыбы: Кемпіркосақтың суретін саламыз.

Мақсаты: балаларды кемпіркосақтың жеті түсін ажырата білу.

Міндеттері: кемпіркосақтың түстерінің орналасу ретімен таныстыру; акварель бояулармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; композиция құра білуге үйрету; табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар мен материалдар:

Педагог үшін: кемпіркосақтың суреті; қағаз, акварель бояу, қылқалам, су, колорамал.

Бала үшін: әліппе-дәптері, бояу, қылқалам, су, колорамал.

Әдіс-тәсіл: түсіндіру, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету.

кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті	Жағымды	Жағымды
Мотивациялық кезең	1. Ұйымдастыру кезеңі: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак түйген не керек?	- қимыл жасайды.		
Ізденіс ұйымдастыру кезеңі	Көңілді боп жүрейік. 2. Кіріспе: жұмбақ Келістіріп өрнегін, Құрып қойды өрмегін. 3. Сұрақ-жауап: - Кемпіркосақ ол не? - Кемпіркосақты қай кезде көруге болады? - Кемпіркосақтың неше түсі бар? - Түстерін атап беріңдер. 4. Жаңа тақырып: - Бүгін біз кемпіркосақтың суретін салуды үйренеміз. - Жұмыс ретімен таныстыру. - Жай қарындашпен көкжиек сызығын сызып аламыз. - Қағаздың жоғарғы	- Кемпіркосақ. - Сұрақтарға жауап береді. - 7 түсі бар: қызыл, қызыл сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, көк күлгін. - Зейін қойып қарап отырады.		

Рефлексия	<p>бетіне күн мен бұлтты салып аламыз.</p> <p>-Кемпіркосақ түстерін доға түрінде саламыз. Бояймыз.</p> <p>5.Балалардың өз бетінше жұмыстары.</p> <p>6.Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Біздер тату баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз.</p> <p>7.Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Шарты:кемпіркосақты құрастыру.</p> <p>8.Қортындылау: -Ненің суретін салдық? -Кемпіркосақтың неше түсі бар? -Түстерін атандар. -Балалардың жауаптарын бағалау.</p>	<p>-Жұмысқа кіріседі.</p> <p>-өлең жолдарына қимыл жасайды.</p> <p>-сұрақтарға жауап береді. -Бір бірінің жұмыстарын бағалайды.</p>		
-----------	---	---	--	--

Білу: кемпіркосақтың суретін сала алу.

Игеру: кемпіркосақтың 7 түсінің орналасу реттілігін игеріп алу.

Меңгеру: композиция түсінігін меңгеріп алу.

Тәрбиеші: Міне қызық балалар, жаңа ғана ертегілер туралы айтып едік. Ал мына әдемі қыз қай ертегінің кейіпкері?

Қызыл телпек: Балалар мен әжемнің үйіне қонаққа бара жатырмын. Сендер менімен барсындар ма?

Қызыл телпек: Менің әжемнің үй алыста, жол ұзақ шаршап қалмаңдар. Ал кеттік.

Тәрбиеші: Ал, ендеше жолға аттанайық. Балалар жолда абай болыңдар. Жай бармай жол жөнекей өлең айтып барайық.

Шалық сумен жүреміз шолп - шолп - шолп,

Тастарменен жүреміз тарс - тарс - тарс.

Жасыл шөппен жүреміз сырт - сырт - сырт,

Жолдарменен жүреміз топ - топ - топ.

Қызыл телпек: Ой, балалар аяғым талды шаршадым.

Тәрбиеші: Олай, балалар шаршағанымызды басып дем алайық.

Балалар шеңбер бойы отырады.

Шалық сумен жүреміз шолп - шолп - шолп,

Тастарменен жүреміз тарс - тарс - тарс.

Жасыл шөппен жүреміз сырт - сырт - сырт,

Жолдарменен жүреміз топ - топ - топ.

Қызыл телпек: Ой, балалар аяғым талды шаршадым.

Тәрбиеші: Олай, балалар шаршағанымызды басып дем алайық.

Балалар шеңбер бойы отырады.

Қызыл телпек: Ой жарайсындар, балалар. Енді ары қаратай жүрейік

Тәрбиеші: Балалар, орманға да жақындап қалған сияқтымыз.

(орманның дауысы естіледі) Міне орманға да келдік

Қараңдаршы орманда құстар сайрап, гүлдер жайнап, көбелектер ұшып жүр. Өте керемет. Орманда қандай ағаштарды көріп тұрсыңдар?

Тәрбиеші: Міне, керемет мына ағаш сыйқырлы екен. Гүлдері де сыйқырлы екен алып көрейікші. Ой балалар мына гүлде жұмбақ жасырынған екен. Қане жұмбақ шешейік.

Жұмбақтар:

Таң мен көзін ашады, Тарс - тарс тамады,

Әлемге нұр шашады./Күн Сайға қарай ағады. /Жаңбыр/

Гүл ұшып гүлге қонады,

Гүл бақшам гүлге толады.

Қысы - жазы өзгермес /Көбелек/.

Көрсен де күні - түнімен.

Қанша аяз болса да,

Айрылмайды гүлінен.

(Шырша) Жылт – жылт еткен

Жыралардан өткен. (су)

(Түлкі шығады)

Түлкі: Келгендерің қандай жақсы болды ішім пысып жүр еді. Өзі жалғыз ойнай алмай жүр едім. Менімен ойнайсыңдар ма?

Балалардың жауабы.

Тақырыбы: Қызыл Телпектің саяхаты

Мақсаты: Балалардың Қызыл телпек ертегісі мен саяхат жасата отырып ертегіде кездескен аңдар арасындағы қиыншылықтар жұптаса көмектесіп орындатуға үйрету. Балаларға дәстүрлі емес әдіс - тәсілдермен жұптаса орындату барысында сөйлеу арқылы тілдік қорларын молайту. Ойлау қабілеттерін қиялдарын, есте сақтау қабілеттерін нығайту. Еңбек қорлыққа достыққа, кішіпейілділікке мейірімділікке тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

Балалар музыкамен кіреді.

- Балалар, бүгін ерекше күн. Біздің сабағымызға көп апайлар қонаққа келіп отыр. Олай болса қонақтармен амандасып алайық,

Арайлап бүгін атты күн

Шашып бізге шапағын

Тілейміз сізге ақ таңның

Қуанышын шаттығын

Қайырлы таң, қайырлы күн!

Қуанышты күн бүгін.

Сәлеметсіздер ме қонақтар.

- Ендеше, орындыққа барып отырайық. Балалар сендер ертегіні ұнатасындар ма?

- Қандай ертегілерді білесіндер?

- Балалар, мен қазір сендер ертегіні қаншалықты жақсы білетіндеріңді тексеремін. Ертегілердің үзіндісін оқимын, ал сендер ол қай ертегінің үзіндісі екенін айту керексіңдер.

Қызыл телпек: Сәлеметсіздер ме, балалар! Сендер қандай әдемісіңдер.

Тәрбиеші: Ол қандай ойын түлкі?

Түлкі: Үй құрастыру ойыны

Ойын « Үй құрастыру»

Ойын ойнайды.

Тәрбиеші: Балалар сендер үйді қандай пішіндерден құрастырдыңдар.

Балалардың жауабы:

Түлкі: Балалар, рахмет. Мен енді достарыммен барып ойнайын. Сау болыңдар.

Тәрбиеші: Ал, енді балалар саяхатымыз ары қарай жалғастырайық,
(қасқыр кездеседі)

Тәрбиеші: Мынау тұрған кім? Қасқыр сен неге ойланып тұрсың.

Қасқыр: Мен анау көбелектерді санай алмай ызам келіп тұрғаны.

Қызыл телпек: Ой, аяғым шаршады.

Балалар жерге отырады.

Тәрбиеші: Сен не қасқыр санау білмеуші ме едің.

(қасқыр ұялады) Жок

Тәрбиеші: Қасқыр ұялма біздің балалар, саған санауды үйретсін.

Үйретеміз бе? Ендеше 1 - ден 5 - ке тура және кері санайық.

Тәрбиеші: Ал енді балалар, кім қасырға көбелектерді санауға көмектеседі

Қасқыр: Рахмет балалар мен үйге барайын, Сау болыңдар!

Тәрбиеші: Ал, балалар шаршағанымызды басып сергіту сәтін жасайық.

Сергіту сәті:

Тәрбиеші: Балалар, енді ары қарай жүрейік. Қызыл телпектің әжесі тосып қалған болар.

Қызыл телпек: Ой, балалар біз адасып кеткен сияқтымыз! Енді не істедік. Мен әжеме қоңырау шалып жолды сұрап алайын. (қоңырау шалады)

Қызыл телпек: Әже мен саған достарымен келе жатып, адасып кеттім. Алдымда екі із жатыр. Біреуі оң жаққа, екіншісі сол жаққа баратын із. Қайсымен жүрейік. Сол жақ ізбен жүрейік пе? Түсіндім. Әже қазір келеміз.

Қызыл телпек: Жарайды әже. Балалар сол ізбен жүру керек екен.

Тәрбиеші: Балалар сол жақ із қайсысы көрсетіндерші.

Қызыл Телпек: Жарайсыңдар, балалар. Балалар Әжем күтіп қалған болар барайық.

(күшіктің дауысы. Әже шығады)

Әже: Амансыңдар ма, қарақтарым? Менің немереммен орманда серуендеп жүрсіндер ме?

(балалар амандасады)

Қызыл телпек: Әже мен сізге бәліш пісіріп алып келдім.

Әже: Ой, рахмет қызым! Балалар сендердің де қарындарың ашқан болар, мен сендердің келе жатқандарыңды естіп тәтті тоқаш пісірдім, міне ала қойыңдар.

Тәрбиеші: Рахмет Әже. Балалар бұл тәтті тоқашты топқа барғасын жейік.

(қарға жылап келеді)

Тәрбиеші: Қаргажан не болды? Неге жылайсың?

Қарға: Жаңа бір топ бұзақы балалар менің ұямды таспен атып бұзып кетті.

Тәрбиеші: Балалардың ісі дұрыс па?

Балалардың жауабы.

Тәрбиеші: Құстар туралы тыйым сөздер, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер білесіңдер ме?

(балалардың жауабы)

Тәрбиеші: Енді не істедік, қалай көмектесеміз қарғаға. Қане ойланайық.

Балалар мен бір амалын тапқан сияқтымын. Мүмкін қарғаға ұясын жасап береміз. Ал енді қарғаға уәдемізде тұрып ұя жасап берейік. Қане балалар стол басына тұрайық. Ұяны ермексаздан жасайымыз.

Әже: Қарағым, қане менде жасасайын.

Тәрбиеші: Ия, әже келіңіз. Қызыл телпек сенде кел.

Музыка ойналып тұрады (ұяның жасалу жолдарын түсіндіру)

Тәрбиеші: Міне қарға айтқан уәдемізде тұрып ұя жасап бердік.

Қарға: Ой, қандай керемет. Көп рахмет балалар, енді ұямды апарып орналастырайын.

Қызыл телпек: Әже жүріңіз қарға ұясын орналастыруға көмектесейік. Сау болындар балалар.

(Барлығы қоштасып кетеді)

Тәрбиеші: Ал балалар келіңдер бер шеңберге тұрайық.

- Сендерге саяхатымыз ұнады ма?

- Біз қайда бардық?

- Қандай ертегілер кейіпкерлерін кездестірдік?

- Жарайсындар, балалар сендер сабаққа жақсы қатыстындар.
Рахмет сендерге. Енді қонақтарымызға арнап жасаған
сыйлықтарымызды тарту етейік.

«Милли тарбия» – бағдарламасы МКЖК

Тексерілді: *М.О.*

Әкісі: Максимова М.О.

Жазғы сауықтыру:

«Жеміс гүлдері!»

Тәрбиеші: Ж.Г.Саматқызы

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Сурет

Тақырыбы: «Жеміс гүлдері»

Мақсаты: Қоршаған орта, гүлдер туралы түсінік беру, қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту, бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің айырмашылығын түсіндіру. Тапсырмалар арқылы тілдерін дамытып, сөздік қорын байыту. Қағаздан гүл жасауды үйрету арқылы еске сақтау қабілетін арттыру. Гүлдерді күтіп – баптауға, әдемілікке, сұлулыққа деген сезімін ояту арқылы табиғатты қорғау білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Шаттық шеңбері, бақылау, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сергіту сәттері, ойын.

Көрнекілігі: Гүлдердің суреттері, бөлме гүлдері, «Гүл шоғын құрастыру» дидактикалық ойын текшелері, желім, қағаз, кылқалам, сұрткіш.

Билингвалдарсыңары. Гүлдер – цветы - flower.

Себеп қызығушылығын ояту кезеңдері

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар, қараңдаршы, бүгін бізге көп қонақтар келіп отыр. Қане, бәріміз қонақтармен амандасып алайық.

Көңіл күйіміз қалай?

Шаттық шеңбері .

Табиғат біздің анамыз.

Табиғатқа баламыз.

Иіліп сәлем береміз.

Біз әдепті баламыз.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі

Ауа – райы қайдай.

Бір зат бар дүниеде құшағы кең.

Адамзат, жан – жануар, тіршілік арасында.

Бұл не.

Балалар, табиғат нешеге бөлінеді?

Тірі табиғатқа нелер жатады?

Өлі табиғатқа нелер жатады?

Балалар барлығымыз экранға қараймыз.

Табиғаттың бір бөлшегі туралы әңгімелейміз.

«Мәлдір бөбекжай-бақшасы МКҚК»

Тексерілді: *Мек*
Әдіскер: М.О.Максимова

Бекітемін:
Менгеруші: *Ж.С.Жалиева*



«Жаз келді алақай!»

Тәрбиешілер: Жұбаниязова Г.С
Жылқыбаева А.А

Тақырыбы: «Жаз келді алақай!»

Мақсаты: Балалардың жаз мезгілі туралы ұғымын кеңейту, жаз айларының ерекшелігін ұғындыру, жазғы табиғат өзгерістерін бақылап, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету

Бұлт:

Саламатсыңдар ма балалар!

Міне көптен сағына күткен жазда келді. Бір жылдың ішінде керемет өсіп қалыпсыңдар. Бүгін «Жаз келді алақай» шарасын өткіземіз. Әр түрлі ойындар болып, көңілді өткіземіз. Балалар бүгін жаңбыр жауғысы келеп тұр екен.

Жаз келіп жадырап,
Балалар ойнайды.
Далада асыр сап,
Ойынға тоймайды.
Көк шығып айнала,
Құлпырып гүлдермен,
Жер жүзі жайнайды,
Құстар кеп сайрайды.

Ойын: Жаңбыр

Бұлт: Жарайсындар балалар.
Жайдары жаз, көңілді жаз
Шат-шадыман балалар мәз
Қуанатын үлкендер де
Ұшып келді аққу қаз.
Осы кезде есік қағылып гүл кіреді.

Гүл: Саламатсындар ма балалар!
Міне көптен сағына күткен жазда келді. Бір жылдың ішінде керемет өсіп қалыпсындар. Жаңбыр жауып менде біраз өсіп қалдым. Енді маған күлшелерімді ашу үшін күннің шуағы қажет.

Күн: Сәлем балалар!
Жаңбыр жауып нөсерлеп,
Жер – ана көкке бөленді.
Менің шуағымды төге алмай отырмын. Жаңбыр жауып бұлттың арасында қалып қойдым.
Қазір жазғы ойындарды бастаймыз.

Ойын: «Күнді шашақтандыру»

Би: Арам зам зам

Жазды ыстық сүйемін,
Сайраңдап жүремін.
Суына шомылам,
Күніне күйемін.

Ән: Жаз

Осымен бүгінгі мерекелік кешіміз аяқталды. Сау болыңыздар!!!

«Мәлдiр» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Тексерiлдi: *М.О.*

Әдiскер: Максимова М.О.

Жазғы сауықтыру:

**«Менің сүйікті
жануарым!»**

Тәрбиеші: Ж.Г.Саматқызы